

# Фармацевтикалық кадрларды таңдау

*Мақсаты:*

Студенттерді  
Фармацевтикалық  
кадрларды таңдаумен  
таныстыру

# *Фармацевтикалық кадрларды дайындау және пайдалану*

Қазір дәрілік заттар айналым сферасында жұмыс істейтін адамдардан фармацияның болашағы тікелей тәуелді. Фармацевтикалық білімі бар мамандар тек қана бөлшектік дәріхана жүйесінде жұмыс істемейді, сонымен қатар отандық, шетелдік фармацевтикалық компанияларда, ДЗ өндірісі және басқа фармацевтикалық тауар бойынша ұйымдарда, дәріхана қоймаларында және көтерме фирмаларда, бақылау-аналитикалық лабораторияларда және де дәрілер сапасын бақылау орталықтарында да жұмыс жасайды. Фармацевтикалық білімі бар мамандар өздерінің мамандық карьерасын жасай алатын барлық ұйымдарды тізіп айту мүмкін емес. Алдыңғы бөлімдерде айтылғандай, фармацевтикалық қызметке тек қана арнайы фармацевтикалық білімі бар адамдар жіберіледі – орта немесе жоғары. Барлық орта және жоғары фармацевтикалық білімі бар адамдар бекітілген тәртіпке сай фармацевтикалық кадрлары деп аталады.

# Мамандарды дайындау

- Орта фармацевтикалық білімді медициналық және фармацевтикалық училище және колледждерде алуға болады, ал жоғары- фармацевтикалық академияда, медициналық академияның фармацевтикалық факультетінде, университет, институттарда, сонымен қатар классикалық университеттердің медициналық немесе фармацевтикалық факультеттерінде алуға болады.
- Елімізде орта медициналық және медициналық персонал қызметін ұйымдарда және дайындау жүйесіне өзгерту енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Орта медициналық және фармацевтикалық білімнің көп салалы жүйесін дамыту жолдары және міндеттері, негізгі мақсаттары анықталған.

## Кадрлық саясат

Денсаулық сақтау және фармацевтикалық бөлімдерде болып жатқан өзгерістер жаңа кадрлік саясатты қалыптастыруды қажет етті.

Жаңа кадрлік саясаттың негізгі мақсаты медициналық және фармацевтикалық кадрлерді пайдаланудың жоғары эффективтілігі болып табылады:

- мамандардың еңбек қызметін іске асыру және заңдылық базасын дайындауды жетілдіру;
- денсаулық сақтау жүйесінің қажеттілігі және кадрларды дайындау жүйесін халықаралық талаптарға сәйкес келтіру;
- еңбек нәтижелілігі және жоғары эффективтілігі үшін персоналды жүйелеу.

- «Фармация» біліктілігі орта білімі бар арнайы мамандандырылған кадрларды дайындаудың базалық атауларын қарастырады. Орта фармацевтикалық білімі бар маман әртүрлі қызметте, мемлекеттік және жеке ұйымдарда жұмыс істей алады.

Мемлекеттік және муниципалды денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істейтін мамандар үшін орта фармацевтикалық персоналдардың лауазым атаулары бекітілген: фармацевт, аға фармацевт, киоск сатушысы, оптика сатушысы. Бекітілген лауазым атауы және маманның біліктілік категориясын есепке ала отырып, мемлекеттік және муниципалды мекемелерде Бірлік нарық көрсеткіш тармағы бойынша разряды және еңбек ақысы анықталады.

- **Кадрларды таңдау-** фармацевтикалық ұйымдарға бекітілген лауазым атаулары негізінде міндетті жұмысты атқара алатын мамандарды (кандидат) шақыру. Еңбек туралы заңға сәйкес немесе мамандарды жинақтауда іскерлік белгілері бойынша кадрларды таңдау принципі қолданылады. Құқығын шектеуге және жұмысқа қабылдау кезінде жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына қарауға жол берілмейді.



- *Кадрлерді бөлуді ұйымдастыру  
фармацевтикалық қызметтің атаулары  
негізінде және дәріхана жұмысының көлемі  
және оның ұйымдық құрылымы және жұмыс  
орнының санымен анықталып, жүргізіледі.  
Мысалы, өндірістік бөлімі бар дәріханалық  
мекемеде, ішке қолдануға және сұйық дәрілік  
түрлерді дайындау бойынша жұмыс орны  
ұйымдастырылады, ұнтақ және пилюля және  
фармацевтикалық басқа жұмыс орындары  
дәріні рецептсіз босату бөлімінде  
ұйымдастырылады.*

## **Оқыту және біліктілігін жоғарлату**

Оқытудың мақсаты- дәріхана ұйымын керекті тәжірибесі бар және дәріхананың негізгі міндеттерін іске асыруға қабілетті адамдармен қамтамасыз ету болып табылады.

Оқу түрі өтетін орын және қызметке кіру процесімен анықталады. Қызметке кіру процесінің оқуы ұйымға кіру кезінде, жаңа лауазымға немесе жаңа жұмысқа тағайындалуы, белгілі дағдылары жетіспеушілік кезінде жүргізіледі.

Өтетін орындағы оқу жұмыс орнында жұмыстан босатылып оқытылады.

*Жұмыс орнында  
оқытудың бірнеше  
түрлері бар: нұсқау  
(инструктаж), ротақия,  
қайталау (дублирование).*

**Нұсқау (инструктаж)**- тікелей жұмыс орнында жұмыс істеу тәсілдерін түсіндіру және көрсету. Нұсқау мамандандырылған міндеттерге кіретін нақты процедура мен операцияларды меңгеруге бағытталған.

**Ротация**- жаңа қызметкер өндірістік процестің барлық этаптарымен танысу үшін 1 бөлімнен 2-ші бөлімге немесе 1 жұмыс орнынан 2-ші жұмыс орнына ауысып отырады.

**Қайталау (дублирование)**- жаңа қызметкерлерді тікелей ауыстыратын адаммен оның жұмысының бөлігін орындай отырып жұмыс жасайды. Мұндай ауыстыру дәріханалық ұйымдарға жұмыс орындарында дайын қызметкерді қоюға кепілдік береді.

- *Жұмыстан босатылып оқытудың ерекшелігі біліктілікті жоғарлату болып табылады, ол институттардың және факультеттердің жетілдіру курстарында, мемлекеттік және мемлекеттік емес білім мекемелерінде лицензиясы бар қызмет түрімен айналасуға құқығы бар мекемелерде өткізіледі. 5 жылда бір рет маман міндетті түрде біліктілігін жоғарлату үшін оқуы керек. Біліктілікті жоғарлату осы мамандандырылған дайындықты жоғары дәрежеде ұстап тұруға ықпал етеді.*

- *Аттестация (іскерлігі, мамандығы туралы мінездеме)*
- *Маманның біліктілік дәрежесін және мамандық-қызмет талаптарына сәйкестігін анықтау үшін аттестация өткізіледі. Оның мақсаты мамандық біліктілігінің өсуін, таңдауды жақсарту, бөлу және кадрларды пайдалану, мамандық және лауазымдық міндеттерді атқару үшін персоналды жауапкершілігін жоғарлатуды реттеу болып табылады. «Фармация» мамандығы бойынша орта фармацевтикалық білімі бар және дәріхана мекемесінің меңгерушісінің лауазымын атқарады, аға фармацевт, фармацевт тұлғалар аттестацияланады.*

- Аттестацияға дайындық кезінде міндетті түрде оның өткізу тәртібін, мамандықтар тізімін, критерий, бағалауын бекіту керек.
- Қазіргі кезде орта білімі бар мамандар үшін аттестация бір бағытта- фармация, ал жоғары білімі бар мамандар үшін, 3 бағытта: фармацияны басқару мен экономикасы, фармацевтикалық химия және фармакогнозиядан өткізіледі.
- Дәрімен қамтамасыз ету жүйесінде қызмет ететін барлық тұлғалар, мамандық білімі бар дипломнан басқа, сертификат алуы қажет.

- **Сертификат**- маман дайындығын мемлекеттік білім стандартына сәйкестігін дәлелдейтін құжат. Сертификаттық емтихан тәжірибелік дағды, сауалнама (ауызша) және тестілеу бағалары кіреді. Сертификатты 5 жылда бір рте міндетті түрде дәлелдеп тұру керек. Орта фармацевтикалық қызметкер, біліктілік категориясын алғысы келсе, алдымен аттестацияның мамандық бойынша біліктілігін жоғарлату курсында дайындықтан өтеді, сонан соң аттестациялау комиссиясына арызын береді, белгіленген формадағы аттестация парағын және ұйым басшыларымен бекітілген соңғы жылдардағы жұмысы туралы есебін өткізеді.



- **Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жағдайын жасау**
- Фармацевтикалық қызмет еңбек және жұмыс істеу жағдай сипатына ерекше көңіл бөлу керек, өйткені олар әртүрлі өндірістік ортада әртүрлі жағымсыз факторлармен кездесіп отырады, оның ішінде жүйке-эмоционалдық күйзеліс, еріксіз жұмыс істеу позасы, жағымсыз микроклимат, жұмыс орындарында жарықтың жетіспеушілігі, зиянды химиялық заттар, ультрадыбыс, иондану және т.б. Елімізде медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерде мамандық ауруы өсуде, 5 жылда (1995ж.-1999ж.дейін) 60% көп мамандық ауруы тіркелген. Соңғы жылдарда мамандық ауруының құрылымында тыныс алу жолдарының туберкулезі, сары сулы гепатит, бронх астмасы, дерматиттер, дәрілік-медикаментті аллергия, экзема көбейген. Аурудың негізгі массасы созылмалы түрге ауысады.

- *Еңбекті қорғауда мемлекет саясатының негізге алатын негізгі принциптері болып табылады:*
- *ұйымның өндірістік қызмет нәтижесіне қатысы бойынша қызметкерлер денсаулығын және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету;*
- *мемлекеттік басшы органдарын, жұмыс берушілерді бақылау және байқау ұйымдарымен өзара байланыста болу;*

- Сау және қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етуде шешуші роль жұмыс берушіге тікелей тиісті, ол өз тарапынан қамтамасыз етуге міндетті:
- материалдар және шикізат қоладнылады, құрал-жабдықтар, мекемені эксплуатация кезінде қызметкерлер қауіпсіздігі;
- әр жұмыс орнында еңбек шарттарын қорғау талаптарына сәйкестігі;
- жұмыс орындарында еңбек шарттары жағдайларын бақылауды ұйымдастыру.

## Еңбек шарты және еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестациялау

- Жұмысқа қабілеттілік- белгілі уақыт ішінде нақты берілген жұмыс сапалы орындалу қабілеттілігін сипаттайтын ағзаның физиологиялық және психикалық мүмкіндігін анықтайтын адамның хал-жағдайы.
- Өндірістік орта факторларына физикалық, химиялық және биологиялық факторлар жатады.
- Физикалық фактор- бұл температура, ылғалдылық, ауа жүру жылдамдығы, өндірістік шу, ультрадыбыс, вибрация, аэрозольдар, жарықтандыру (табиғи, жасанды), ауаның электр зарядтарының бөлшектері.
- Химиялық фактор- химиялық талдау әдістерінде қолданылатын бақылауға арналған химиялық синтез жолымен алынатын антибиотиктер, витаминдер, гормондар, ферменттер, ақуыз препараттары.
- Биологиялық фактор- бұл микроорганизмдер: продуценттер, тірі клеткалар споралары.

*Назарларыңызға  
рахмет*